

О. СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ЭТИМОЛОГИЯ

Асенова Айгүл Халдарқызы

asenova.1997@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
«6М011700» - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының» 2-курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Б.Мамаева

Тіл – әртүрлі этностың өзара қарым-қатынасын танытатын мәдени бірлік. Тілді зерттеу арқылы О.Сүлейменов түркі-славян этностарының тарихи ұқсастығын, этносаралық қарым-қатынасындағы ортақ тілдік бірліктердің ерекшелігін, этимологиялық қырын танытты. Әрбір этностың рухани, тілдік болмысын ашатын негізгі қайнар көздеріне жылнамалар, тарихи шығармалар, сөздіктер жатады. Ғалым славян ұлттарының көне жәдігері – «Игорь жасағы туралы жырдағы» түбі бір түркі сөздерін таныту арқылы этностар арасындағы сабақтастықты анықтауды мақсат етті.

Сүлейменовтің концепциясы – сөзді этимологиялық тұрғыда зерттеу үшін сөздің астарындағы генетикалық байланысты оның графикалық белгісі – алғашқы иероглифтері арқылы анықтауды ұсыну. Автордың ойынша кез-келген жазбаның тарихы - таңбалардың жүйесі арқылы ғана қалыптасады.

Ғалым 1963-1966 жылдары ҚазҰУ –де орыс филологиясы кафедрасының аспирантура бөлімінде «Тюркизмы в «Слове о полку Игореве» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Сүлейменовтің зерттеулерінде Жырдағы түркі лексикасының қабаттарын және түркілік фразалардың тарихын қарастырды. Бұл зерттеулер кейіннен атақты «АЗ и Я» еңбегінің шығуына негіз болды.

1975 жылы жарық көрген «АЗ и Я» кітабы славян халқының ұлттық жазба ескерткішіндегі түркілік тілдік бірліктерді зерттеуге арналған. Славян халықтарының жазба мұрасы өз ұлтында талай зерттеуге ілігіп, сынға алынғаны белгілі. Әйтсе де соншама уақыт өткеннен кейін ғалымның қызығушылық танытуы әрі одан түркілік элементтерді табуы тіл ғылымындағы зор жаңалық болды. Бұл жаңалық әрине орыс зерттеушілеріне ұнай қойған жоқ. Десек те кітап уақыт өте келе ақталды, дәлелденді. Себебі мұнда шынымен де ғасырлар қойнауында жатқан ұлтаралық тылсым сырлар бар еді.

«АЗ и Я» кітабының жазу себебін ғалым былай түсіндіреді: «Кітапты халықтар тарихының көптеген күнгірт тұстарын түркілер тарихын білмей тұрып түсіндірудің мүмкін емес екендігін қазір батыр түрде айта аламын. Түптің түбінде «Ақиқат тарихы» кітабының пайда болатынына сенімдімін, оның тууына біздің де міндетті болатынымызға сенімдімін» [1; 129].

X-XII ғасырларда оңтүстік орыс далаларындағы кездескен түркі тайпаларының тілдік бірліктерін екі мағыналық топқа жіктейді:

1) Туысқандық атаулардан құралған этнонимдер: торктер (төркін), печенегтер (бажалар);

2) «Шаруашылық» және жағрапиялық атаулардан құралған этнонимдер: кощей (көшпелі), паган (бақташы), язычник (дала тұрғыны), толкован, половец, берендей, черные клобуки, ковуй (көп үй) және т.б.

«Көшпенділер және Русь» (1962) атты алғашқы мақаласында «Жырдағы» көзге көрінбейтін тюркизмдерді анықтаған. Мәселен, «кощей», «кощиево», «нечистая сила»

сөздері. «Кощей», «кощиево» сөздерінің түп-төркінін қазақтың «көш», «көшу» сөздерімен байланыстырған. 15 томдық қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «*Көш*зат. Үй ішін, дүние-мүлкін күш көлігіне тиіп, малын алдына салып, қоныс аударған бір не бірнеше ауылдың тізбегі, керуені» [2; 387].

Зерттеуші Д.Сәтбай бұл туралы былай пікір білдірген: «Төңкеріске дейінгі көрнекті зерттеушілер, олардың ішінде атақты Мелиоранский де бар: «кощей» сөзін далалықтардың және көшпенділердің жинақтаушы атауы ретінде алып, оларды «зұлмат күш» (нечистая сила) тұрғысынан түсінді.Сөйтіп, «кощейді»: - «кұл», «қызметші», «арбакеш», «жол серік», «көмекші» екінші сортты әлеуметтік нәсілге жатқызатын. Тәжірибелі мамандар, тіпті, орыстың атақты аңыздық «Кощей Бессмертныйдың» аты неге олай аталатынына да назар аударған жоқ. Зұлымдық пен зұлмат күштің символы «арбакеш» немесе «кұл» болуы тиіс емес қой. О.Сүлейменовтің ойынша, «Жырдың» мәтінінде бұл сөз алғашында қорлау мағынасында қолданылып тұрған жоқ және ғалымдардың айырмашылығы «Жырдың» авторы бұл сөзді ол мағынада қолдана алмайды да. Ол түпнұсқада «көшпелі», «көшпенді» мағынасында, яғни саяси қатпарсыз қолданылып тұр»[3; 107].

Академик Ә.Қайдар «көш» сөзімен байланысты тілдік бірліктерге *бір көш жер, көш бойы жер, Көш көрікті болсын!, көштен қалу, көшті бастау, үдере көшу, оза көшу, Көшке берген тайыңды ал!* секілдібірліктерді жатқызған. Тілімізде кездесетін көш-қон дәстүріне қатысты мақал-мәтелдер де баршылық. Мысалы: «*Ақ бөкенді жатыр деме, Көшпелі елді отыр деме*», «*Қыңыр көшіп бай болмас, қисық сөйлеп би болмас*», «*Алғыс күн аспанға қарағанша, алты көш те айдын көлге жет*», «*Ел көшеді деп отыныңды тауыспа, жау келеді деп тамағыңды тауыспа*» және т.б. Ғалым үшін маңызды болған тіркестердің бірі – «*дебрь кисан*». Қазақша – темір шынжырлар, кісендер. Ғалым ол туралы мынадай пікір білдірген: «Қалай болса да, қыпшақ түріндегі дебрь (дебрь) – темір бір кезде кең аймақта таралуы мүмкін. Сол сияқты «дебрь кисан» (темір кісен) сөзі де жарты әлемге таныс. Қазіргі қазақ тіліндегі «темір кісен» мен қырым-татарларының «дамір кисан» сөзін салыстырыңыз. Святославтың түсіне темір кісеннің кіруін ақиқат санауым неліктен? Оның басты себебі: боярлар Святославтың түсін жори отырып, «қырандарды» кезінде матап-байлап ұстаған қыпшақтың темір кісенін сөз етсе керек. Бұл – Святослав түсіндегі түркі тексін тікелей аударудың нәтижесі» [4; 69].Зерттеуді әрі қарай дәлелдей түсу үшін «*кісен*» туралы тіліміздегі мәліметтерді қарастыру арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бұл сөз «Древнетюркский словарь» (ДТС) еңбегінде де кездеседі: «*KISAN* путы, оковы: er attin kisan sesdi мужина развязал путы у коня (МК II 13); negu teg kisan ol seni berklagu к чему связывать тебя путами? (QBN~39)» [5; 330].

Академик Ә.Қайдар этнолингвистикалық сөздігінде: «*Кісен* – аттың аяғына, қол-аяғына салынатын, кілтпен ашылып-жабылатын темір тұсау. Оны отқа жіберілген ат қолды болып кетпесін деп ұсталарға арнайы соқтырады. Әр кісеннің кілті әр басқа болады. Кісен алдыңғы екі аяққа салынады, соның нәтижесінде оттаған ат алыстап кетпейді», - деп анықтама берген[6; 258].

Қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде: *Кісен* зат. Көне. 1. Темірден келістіріп иіп, жылқының сирағына киілетін, жылқыны матау әбзелі. 2. Темірден соғылған, адамның аяқ-қолына салынатын, кілті бар тұсау, темір бұғау[2; 647].

Ә.Нұрмағамбетов «Бес жүз бес сөз»: «*Кісен*. Әдетте, бұл сөзді естігенде малдың аяғына немесе жазалы, қылмысты адамның қол-аяғына салынатын темір бұғау еске түеді. Ертедегі түркі жазба ескерткіштеріне зер салсақ, сөздің алғашқы түбірі «кіше» етістігі болған да, мағынасы – шырмау, байлау. Қазіргі түркі тілдерінде – ұйғырларда осы тұлғалас (кіжә) әрі мағыналас сөзді кездестіреміз. Бергі кездерде осы түбірге –н жұрнағы қосыла отырып, қазақ тілінде «кісен» сөзі осы күнгі мағынаны беретін болып қалыптасқан» [7; 144].

Байқағанымыздай, кісен – қыпшақтар қолданысында болған ұғым. Этностар байланысы нәтижесінде славян халықтарының фольклорлық жырынан көрініс тапқан. Еңбекте келтірілген «*тұл*» сөзіне талдау жасайық. «Тұл – жалпы түрікше «жесір». Бұл да көрінбейтін түркізмнің бірі. Көшірмеші мен аудармашылар орыстың ертедегі «тула» (қорамсақ) сөзін

назарда ұстап, тағы да қисынсыз бейне жасаған: «тощими (яғни бос, босаған) колчанами поганых язычников крупный жемчуг на грудь мне и нежат меня». Жырда «тұл» сөзі екі рет кездеседі:

туци у нихъ напряжены,
тулы отворены.
лучи съпряже,
тугою имь тули затче» [4; 62].

«Древнетюркский словарь» (ДТС) бойынша: TUL – вдова: *ozun bolsa hajib urune almaуи ciуaj tul jetimlar sozin tinlayu* если ты станешь хаджибом, должен будешь не брать взятку и выслушивать бедных, вдов и сирот (QVK 244)[5; 620] мағынасында қарастырылса, қазақ әдеби тілінің түсіндірме сөздігінде былай көрсетілген: **Тұл** сын. 1. Отасқан ері өлген не айырылысып кеткен, баласы жоқ жесір (әйел). 2. ауысп. Бас иесіз, еркексіз. 3. ауысп. Жалғыз [8; 416].

Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде *тұл* сөзін көне түркі тілдерімен салыстыру арқылы толықтыра түскен: «**Тұл**. Тыста дүлей ақ боран, Қатал қыстың кешінде Тұл ананың ақырған, Зарлы даусы есімде (Ө. Көшімов). Бұл сөз көне түркі тілінен шыққан, қазіргі түркі тілдерінің көбінде қолданылады. Азербайжан, түрік, гагауз тілдерінде *дул*, өзбек, қырғыз, ұйғыр тілінде *тұл*. Осы тілдердің көпшілігінде *тұл* сөзі жесір әйелді білдіреді. Кейбір түркі тілдерінде әйелі қайтыс болған еркекті де осы сөзбен атайды. Мұндай жағдайда *тұл* сөзі әйел, *қатын* я *ер*, *еркек* деген сөздермен қосылып айтылады. Мысалы, түрікше *dul erkek*, *dul kadin*. Бірақ, кейбір түркі тілдерінде (азербайжан, алтай, якут) *тұл* сөзі тек қана жесір әйелге қолданылады. Көне түркі тілінде де «*tuly*» деп жесір әйелді ғана атаған [9; 194].

Осы секілді түркілік тілдік бірліктердің бірі – «*босуво*» сөзі. Жырдағы кездесетін «*босуво*» сөзін ғалым қазақ тіліндегі «*босу*» сөзімен байланыстырады. «Гот бикештерінің» жуырдағы жеңілісті, қыпшақтардың масқара болып қашуын еске алуы мен Қонжыңтың жеңісіне қуануы да сондықтан. Қазақ тілінде де талқандалған қыпшақтар бастан кешкендей тұтас тайпаның немесе халықтың жапшай қашуының нақты баламасы сақталған. Ол «*босу*» деп аталады. «*Босу кезі*» немесе «*Жырдың*» тілімен айтқанда, «*время босу*», «*босуво*» кезеңі» [4; 75].

Бұл сөз «Древнетюркский словарьда» кездеседі (ДТС): BOSU – 1. Освободяться, получать свободу: *at bosudi* лошадь освободилась (отпривязи) (МК III 266); 2. Ослабевать развязываться (об узле): *tugun bosudu* узел развязался (МК III 266); 3. Освободить, давать свободу: *xfn jalavaciу bosudi* хан разрешил послу отъезд (букв. Освободил посла) (МК III 266); *otru meni bosuji idti* затем он освободил меня (Suv 16); [5; 123].

Біздің тіліміздегі мәнін ұғыну үшін түсіндірме сөздікке жүгінсек: **Босу** – босы етістігінің қимыл атауы. 1. Еріксіз ауа көшу. 2. Бос жүру [10; 510].

«*Босу*» сөзінің біздегі түсінігі – бір жерден екінші жерге ауып көшу, шұбыру. «*Босу*» сөзінің алғашқы түбірі мен мағынасын түркі тілдері бойынша қарастырып көрелік. Хакас тілінде *позы*, *посхын* сөздері – *босатылу* мәнінде, қырғыз тіліндегі *боз* сөзі – *қашу* мағынасында қолданылады. Демек, түркі тілдерінің бәрінде *босу* сөзі бірнәрседен алшақтау, қашу мағынасына сәйкес келіп тұрғанын байқаймыз.

Көптеген зерттеулерге сүйене отырып ғалым түркі сөздеріне орыс тілі бейім екенін байқаған. Басқа ешбір тілде орыс тіліндегі секілді түркизмдер өзгеріссіз сақталмаған.

Ғалымның «АЗ и Я» еңбегінің екінші бөлімі – Шумернаме деп аталды. Жалпы шумер тілі біздің дәуірімізге дейін шамамен IV мыңжылдықта пайда болған екен. Ең көне жазу саналатын – шумер-вавилон силлабарийлері біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда қолданылған.

Скандинавиялық руни этрус жазуларын зерттеуге ғалым өзінің жартығасырлық ғұмырын арнаған. Көптеген түркологтар бөтен халықтардың өлі мәдениетін қопаруын қажетсізбей қарағандары да болды. Алайда нақты тарихи дәлелдер талай ғалымдарға ой салғаны шындық.

Жазу кез-келген ұлт өмірінде мәңгі сақталмайды. Уақыт өте келе өзгеріске ұшырап не жойылып кетеді. Бірақ ауызекі тілі жазуға қарағанда ұзақ өмір сүреді. Сондықтан ауызекі тілді зерттеудің де маңыздылығы зор екенін байқауға болады.

Бұл бөлімге арқау болған үндіеуропалық тілдер тарихы бойынша түркі тілдеріне қарағанда күрделі. Бір жарым мың жыл бұрынғы скандинавиялық руникалық ескерткіштер қазіргі германдықтардың өзіне де түсінікті емес. Талай ескерткіштері ашылғанмен әлі де оқылған жоқ. Ал сол дәуірге жататын түркі руникалық жазба ескерткіштері оқылып, бүгінде кей жолдары жаттанды ұранға айналды. Бұл Дала көшпенділерінің киелі рухы, тап-таза ниетінен болса керек.

Үндіеуропалық тілдер мен түркі тілдерінің негізгі ерекшеліктеріне тоқталып көрсек:

1-кесте

Түркі тілдері	Үндіеуропалық тілдер
Табиғи өзгерістерге ұшырамаған. Негізін сақтай алған.	Құрылымы біршама өзгерістерге ұшыраған.
Агглютинативті (жалғанбалы)	Фузивті
Екпіннің ұдайы соңғы буынға түсуі тән.	Екпін түсуі біркелкі емес.
Емлелік тап көрсеткіштері болмайды.	Емлелік тап көрсеткіштері бар.
Түбірдің алдына жұрнақ жалғау жоқ.	Түбірдің алдына жұрнақ жалғана береді.

Ғалымның ойынша кез-келген тілдегі сөздің өзгеріске ұшырауына басты себеп – фонетикалық ерекшелік емес, емлелік ерекшелік. Мысалы: «жер» сөзінің түркі тілдерінде – *йар, жер, джер, чер, тьер, кер, кир* секілді айтылу нұсқалары бар. Ал герман тілдерінде «жер» сөзіне емлелік-фонетикалық нұсқалар сәйкес келеді: *дие йерде, йард, йорд, йурт*[4; 186]. Алдыңғы Азиядағы өлі тілдерді зерттеуші маман И.М. Дьяконов «Языки древней Передней Азии» атты мақаласында жүзден астам сөздерді мысал ретінде талдаған. О. Сүлейменов болса шумерлік жазулар ішінен 60 сөзді ала отырып оны түркілік сөздермен салыстырған. Кейіннен әзірбайжандық әріптесі Айдын Мамедов 800-ге тарта шумер сөздерінен түркілік белгілерді анықтаған. Ғалым қарастырған 60 сөзді үш үлкен тақырыптық топқа бөледі. Алғашқысы – адамға байланысты сөз табы, екіншісі - табиғатқа байланысты сөз табы, үшіншісі – Құдайға байланысты сөздер тобы.

Байқағанымыздай қанша уақыт өтсе де алғашқы шумер жазуындағыдай түпнұсқа сақталған. Шумер тілінде сөзге мағына берілді де оны түркі тілдері қабылдап, бүгінге дейін сақтай білді. Қазіргі ағылшын тіліндегі *tablel – таблица, table – стол* да осыдан шыққан. Орыс тілінде *табель, таблица, табло* түрінде қолданылып жүр.

Шумердің күйдірген қыш кітаптарының өзін қазіргі түркі және еуропалық ғалымдар жақсы білген, қолданған. Олар бүгінде «кир-пичик» - «қыш кітап» деп аталып та жүр.

Екі бөлек тілдерді зерттеуге ғалымдардың қарсылық білдіріп, ұнатпауы орынды. Бірақ ғылым жекелеген пікірлер мен стереотиптерге қарсы шығу арқылы дамиды, нақты дәлелдерге ғана сүйенеді.

Қорытындылай келе, ғалымның зерттеуіне іліккен жырдағы түркілік сөздер түркі және славян халықтары арасындағы этносаралық байланыстардың тығыз болғандығын көрсетіп отырғанын айта аламыз. Бұл байланыстар нәтижесі екі этностың тілдерінен көрініс тапқан. Яғни тілімізге тек туыстас тілдер тарапынан ғана емес, туыс емес тілдер бойынша да зерттеулер жүргізуді қажет етіп отыр. Бұл арқылы тілдің дамуын сыртқы байланыстар арқылы да, яғни антропоэзектік парадигма негізінде қарастырып, пайдалы нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Жырдағы кезіккен түбі бір түркіден шыққан сөздердің түп-төркінін қарастыру тіліміздің бүгінгі күндегі дамуына, өсіп-өркендеуіне айтарлықтай септігін тигізері анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Садықов С. Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабындағы түркі-қыпшақ рухы. / Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршысы. Жаратылыстану және техникалық ғылымдар. №1 (104) – 1 бөлім. – 125-136 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 8-том / Құраст.:Қ.Күдеринова, О.Жұбаева, М.Жолшиева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
3. Сәтбай Д. Олжас – ғалым және қайраткер. Тарих және тұлға / Отан тарихы – Отечественная история. – 2012. - №4 (60) – 106 – 117 б.
4. Сүлейменов О. АЗ и Я. Изгі ниетті оқырман кітабы. (Ауд. С. Ақатаев) Алматы, Жазушы, 1992. – 295 б.
5. Древнетюркский словарь. – Ленинград: наука, 1969. – 676 б.
6. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / Ә.Қайдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т.2: Қоғам. – 2013. – 728 бет.
7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 бет.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М.Малбақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. – 800 бет.
9. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1966 ж
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том / Құраст. Б.Сүйеркұлова, Т. Жанұзақ, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 744 бет.